**Тұрғын үй құрылысының құнын төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 11 қарашадағы N 275-ө өкімі

Тұрғын үй құрылысының құнын төмендету және оны халықтың қалың жігінің алуына қол жеткізу жөнінде шаралар қабылдау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының құнын төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне жарты жылдың қорытындысы бойынша 2004 жылғы 15 қаңтарға және 15 шілдеге Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдың қорытындысы бойынша 2004 жылғы 25 қаңтарға және 25 шілдеге Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 11 қарашадағы N 275 өкімімен бекітілген

**Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының құнын төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Ұтымды көлемдік-жоспарлау, сындарлы және инженерлік шешімдерді, сондай-ақ тұрғын үйлер салу үшін қала | Ұсынымдар | ИСМ | 2004 жылғы I тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құрылысының жүйесіндегі тұрғын кварталдардың орналасуын анықтау жөнінде ұсынымдар дайындау | | | |
| 2 | Тапсырысшылар (құрылыс салушылар) мемлекеттік инвестициялар есебінен немесе олардың қатысуымен тұрғызылатын тұрғын үйлерді (тұрғын үйлерді, жатақханаларды) жобалауға арналған тапсырманы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетімен келісуді қамтамасыз етсін | Нұсқаулықтың жобасы және тұрақты бақылау | ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2004 жылғы II тоқсан |
| 3 | Магистральды инженерлік желілердің жанынан, сондай-ақ құрылыстар мен коммуникациялардан бос аумақтарда мемлекеттік инвестициялар есебінен немесе олардың қатысуымен тұрғызылатын тұрғын үйлер салу үшін алаңдар бөліп беруді көздеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын қаңтар. да, шілдеде |
| 4 | Тұрғын үйлер салушыларға бөліп берілген жер телімінің шегінде салынып жатқан тұрғын үйлердің инженерлік желілерін қоспағанда, жаппай құрылыс салынған аудандарда (жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда, тұрғын үйлер тобы) магистральды және кварталішілік | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Облыстардың Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ЭМРМ, ТМРА (келісім бойынша) | 2004 жылғы I тоқ. сан |

инженерлік желілерді, өзге де инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылым объектілерін дамытуға және жайластыруға байланысты шығындарды жүктеуге жол бермеу жөнінде ұсыныстар енгізу

------------------------------------------------------------------

5 Тиісті отандық өнімдер Қазақстан ИСМ, жыл
болған кезде мемлекеттік Республика. министрліктер,сайын
инвестициялар есебінен сының облыстардың, қаңтарда,
немесе олардың қатысуымен Үкіметіне Астана және шілдеде
тұрғызылатын ақпарат Алматы
тұрғын үйлерді (тұрғын қалаларының
үйлерді, жатақханаларды) әкімдері
салған кезде қымбат тұратын импорттық құрылыс материалдарын, бұйымдарын, құрастырмаларын, инженерлік жабдықтарды және үй салу керек-жарақтарын қолдануға жол бермеу жөнінде ұсыныстар енгізу

------------------------------------------------------------------

6 Құрылыс материалдары, бұйымдары Жобалардың ИСМ 2004
мен құрастырмалары өндірісін тізбесі жылғы
дамытуға ықтимал инвесторларды II
тарту үшін 2004-2010 жылдарға тоқсан
арналған басым инвестициялық жобалардың тізбесін дайындау

------------------------------------------------------------------

7 Мыналарды:
1) конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан ИСМ 2004
конкурстық құжаттамада Республика. жылғы
мердігердің (бас мердігердің) сының I тоқсан
өткізілетін конкурстың мәні Үкіметіне
болып табылатын және ұсыныстар
мемлекеттік сатып алуға жататын жұмыстар көлемінің

(құрылыс құнының) жиынтығында үштен екі бөлігінен астамын қосалқы мердігерлікке беруге тыйым салу туралы шартын енгізуін;

---

2) ықтимал жеткізушінің конкурстық өтінімде, сондай-ақ тапсырысшы (жобаның немесе бағдарламаның инвесторы) мен конкурста жеңіп шыққан мердігердің (бас мердігердің) арасында жасалған мердігерлік шартта мердігер (бас мердігер) қосалқы мердігердің орындауына бермекші болып отырған жұмыстардың (қызметтер көрсетудің) түрлері мен көлемдерін көрсетуді көздейтін кейбір құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу

---

8 Мынадай жаңа құрылыс нормалары мен ережелерін: "Құрылыстағы сметалық нормативтік құжаттардың жүйесі", "Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын анықтау тәртібі", "Инвестицияларды негіздеу, техникалық-экономикалық негіздеме сатыларының есеп айырысу құнын анықтау тәртібі", жаңа сметалық | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ИСМ | 2003 жылғы IV тоқсан

нормалар мен бағалар жинақтарын, сондай-ақ жаңа сметалық нормалар мен бағалар бойынша сметалық құжаттаманы есептеу жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданысқа енгізу.

---------------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК